

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Әдеби сана: нейробиология, сын
және теория





Мақсаты: Патрик Колм Хоганның «Әдеби сана: нейробиология, сын және теория» атты эссесімен танысу, нейробиология нәтижелерін пайдаланатын әдеби зерттеулерді қарастыру.

Тірек сөздер: нейробиология, ми, сын, әдебиет.

Патрик Колм Хоган Коннектикут университетінде ағылшын тілі кафедрасында дәріс береді. Ол – «Интерпретация саясаты» (1990), «Интерпретация туралы» (1996, 2008), «Когнитивті ғылым, әдебиет және өнер» (2003), «Ақыл мен оның тарихы» (2003) атты кітаптардың авторы.

Соңғы жылдары, – деп жазады П.К. Хоган, – гуманитарлы зерттеулердің әдеби және басқа да формаларының нейробиологиялық тәсіліне деген қызығушылық артып келеді. Осы саладағы зерттеулер саны күні кешеге дейін шектеулі болып келді. Жүргізілген жұмыстардың көпшілігі «түзетуші сын» деп аталған категорияға қатысты болды. Түзетуші сын аясында зерттеуші белгілі бір теория – деконструкция немесе нейробиология деңгейінде қалып қоймайды. Неурогуманитарлы ғылымда түзетуші сынның аясынан шығып кеткен перспективті зерттеу бағдарламалары болатыны анықталды. Біздің ұсынып отырған эссемізде осындай бағдарламалардың барқатары сөз болады.

Нейробиология мен гуманитарлы ғылымдар арасындағы қатынасты талқыламас бұрын нейробиологияның негізгі ұстанымдарымен танысуымыз керек. Эссенің бірінші тарауында оқырмандар адам миының анатомиясы мен қызметімен танысады. П.К. Хоган нейроанатомия мен церебралды функцияның әдебиетке қатысты аспектілерін таңдап алады. Екінші тарауында қазіргі таңда нейробиологияның нәтижелерін пайдаланатын әдеби зерттеулердің нақты мәселелері қарастырылады. Оны ғалым Шекспирдің туындыларын мысалға ала отырып, дәлелдейді.

Ми – орталық жүйке жүйесінің бөлігі. Оны әсер мен әрекет тудыратын орган ретінде де қарастыруға болады. Егер қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ, «суб-неокортикалды» (немесе қысқаша, ми қабық асты) бөлікті «неокортикалды» бөліктен ажыратып алу керек. Былайша айтқанда, ми қабық асты бөлігінің уәждемелік және гомеостатикалық қызметтері болады (мысалы, шөлдеуді реттеп отыратын). Сонда эмоциялар да ми қабық асты бөлігіне байланысты туындайды. Неокортекс адамның қозғалуы мен қабыладуына, сондай-ақ мағыналық модальдылық мәліметтерін интеграциялауға да жауап береді. Эмоционалды және ақпараттық өңдеу функцияларын шектеу – әдебиет пен өнер үшін маңызды мәселе. Субкортекс пен неокортексті физикалық құрылымына қарай іштей бөлуге болады. Мысалы, неокортекс төрт бөлікке бөлінген: шүйде (визуалды қабық) бөлігі, шеке аймағы (соматосенсорлы қабық), самай бөлігі (есту қабығы) және маңдай алды (қимылдық қабық).

Ми қызметтерінің барлық типтері айқын көріне бермейді, сенсорлы модалдылық типтері де болады. Айталық, кеңістіктік салыстыру үшін екі жүйе жауап береді. Бір жүйе – объективті, объектілер арасындағы қатынастарға байланысты. Бұл қабықасты құрылыммен байланысты. Қабықасты бөлік эпизодтық жадыға (немесе автобиографиялық) жауап береді. Екінші жүйе – субъективті сипатта. Субъективті жағдайға қарай кеңістікті, негізінен периперсоналды кеңістікті ұйымдастырады. Бұл жүйені шеке бөлігі деп қарауға болады. Екі кеңістіктік жүйе біздің әдеби қиял кеңістігін түсінуімізге сеп болуы мүмкін.

Мидың кейбір бөліктерінің қызметін «метафункция» деп атауға болады. Мәселен, мидың алдыңғы бөлігі (басты) «белдік қабық» деп аталады. Ол мидың басқа бөліктерін бақылап отырады. Сонда шиеленіс туындағанда, осы бөлік белсенді жұмыс жасай бастайды. Сөйтіп, шиеленісті шешуге түрткі болады. Көп жағдайда шиеленістер мидың әртүрлі бөлігіндегі ақпаратты ендірген кезде туындайды. Мәселен, сенсорлық сезімдер субкортикалды және неокортикалды бөліктерге бірдей жетеді. Бірінші бөлік үрей немесе қорқынышқа жауап берсе, соңғысы қорқуға тұра ма, тұрмай ма деген мәселеге жауап берелі. Соған байланысты неокортикалды өңдеу субкортикалды жауапты модуляциялауға негіз бола алады. Неокортикалды және субкортикалды жауаптар арасындағы күрделі байланыс пен кереғарлықтар әдеби реакцияда кең таралған. Оларды түсіну үшін әдеби тәсілді түсіну керек болады.

Мидың екі жартышарлар бір-бірімен интеграцияланып, күсті дене сияқты байланысты болады. Алайда күсті дене бір-бірінен ажырағанда, жартышарлар бөлек-бөлек жұмыс жасай бастайды. Жартышарлар тілдің қай аспектісі өңделіп жатқанын анықтауда айырма болуы мүмкін. Оң жартышар – белгілі бір дискурстың концептуалды мағынасының кең диапозонын



белсендендіреді. Нәтижесінже каламбурға негізделген қалжыңдар оң жартышарда іске қосылып, адамдар оларға күле қарай бастайды.

Бұл екі физикалық және функционалды бөліктер біріге алмайды. Ұсақ түйіршікті деңгейде ми бір-бірімен өзара байланысты жасушалардан тұрады. Әрбір жасушаның өз қызметі бар, мәселен, көру қабығындағы жасушалар белгілі бір визуалды ерекшеліктерге сезімтал келеді. Жасушалар арасындағы байланысты тұрақтандырушы немесе тежеуші деп қарауға болады. Нейрондардың іс-әрекетінің екілік сипатының салдары қиын болуы мүмкін.

Сызбаны белсендендіруді нейрохимия жүзеге асырады. Атап айтсақ, сызбалар белгілі бір ұяшықтың көмегімен жұмыс жасайды. Бұл ұяшық келесі ұяшыққа сызбаны белсендендіру туралы ақпарат жеткізіп отырады. Белсендендіру – химиялық үдеріс, оған нейрохимиялық «таратқыш» керек. Әртүрлі нейрохимиялық заттар әртүрлі жүйелерге тежеуші немесе қозғаушы ықпал етеді. Мысалы, ынталандыру жүйесі – қанағаттандыру немесе белгілі бір эмоционалды қажеттілікті қанағаттандыруға талпыныс немесе түрткі болып саналады. Ынталандыру жүйелері – эстетикалық реакцияның негізгі компоненттері.

Әдетте, когнитивті ғылымда құрылымдар, үдерістер мен мазмұн әртүрлі болып келеді. Құрылым – ойлау қызметінің типтері немесе ірі категориялары. Процесс – осы құрылымдарда жүзеге асатын операциялар. Мазмұны – осы процестер жұмыс жасайтын элементтер. Сөйтіп, жадыны – құрылым деп қарауға болады. Сақтау мен қайта қалпына келтіру – жадының процестері. Нақты бейнелер немесе басқа да әртүрлі бейнелер – оның мазмұнындағы элементтер. Сызбаның нақты конфигурациясы уақытқа қарай өзгеріп отырады; оған басқа сызбалар белсендендіру немесе тежеу арқылы әсер ете алады.

Зерттеулерге сүйенсек, күтілетін нәтижелерге қарамастан, кейбір процестер мен құрылымдар, мәселен эмоцияның әртүрлі жүйелері секілді генетикалық детерминанттар арқылы анықталады. Белгілі бір деңгейде олар әсерленуге байланысты. Құрылым мен процеске эмпирикалық әсер ететін генетикалық және дамытушы әсерлер болады. Даму әсерлері – сыни тәжірибенің қызметі болып табылады. Бұл құбылыс жүйе дамуының негізгі бөлігінде өрбиді. Айталық, бауыр басу жүйесі (ата-аналар мен балалар арасында) туа біткен қабілет қана емес, балалық шақтан қалыптасқан әсерлер болып саналады. Уақыт өте келе, бауыр басуда айырмашылықтар байқала бастайды.

Әдіснамалық деңгейде маңызды жайттың бірі – бүгінгі таңда нейробиологияда екі түрлі бейімділік бар екені. Біріншісі – классикалық тәсіл, абстракция мен ережелерді немесе қайталанып отыратын заңдылықтарды білдіреді. Екіншісі – орнықтырылған таным, әлеммен өзара байланыс үдерісін көрсетеді. Былайша айтқанда, бірінші бейімділік тұрақтылыққа, екінші бейімділік – күтпеген жайттар мен өзгерістерге негізделген. Айталық, семантикада классикалық мектеп – тұрақты ұғымдарға қатысты мағыналарды сақтауды мақсат етсе, орнықтырылған таным контексте үздіксіз өзгеріп отыратын мағыналарға бағытталған. «Орнықтырылған таным» теориясын әдеби реакциялардың өзгеруін қарастыру үшін қолдануға болады.

Миды зерттеудің тәсілдері туралы айта кету керек. Соңғы онжылдықтарға дейін негізгі тәсілдің бірі – бұзылу үрдісін қарастыру болған. Ми бұзылған кезде, қандай қызметтер бұзылғанын және өзгергенін көруге болады. Зерттеушілер алдымен когнитивті немесе басқа да өзгерістерді анықтайды, содан кейін бұл өзгерістерді жүйкенің зақымдануына қарай түзетеді. Этикалық зерттеулерге сүйене отырып, эксперименттер жануарларға жүргізілді. Осы зерттеулердің нәтижелері адамдар үшін қиындық тудырып отырады.

Нейробиологиядағы соңғы кезде орын алған қарқынды даму – эмпирикалық нейробиологияны өнер мен әдебиетті зерттеуде пайдалану – миды сканерлеудің инвазиялық емес тәсілдерінің дамуымен түсіндіріледі. Әртүрлі тәсілдер бар, айталық, электроэнцефалография (ЭЭГ) және функционалды магниттік-резонансты томография (ФМР). Алайда бұл тәсілдер тек кейбір мәселелерді ғана шеше алады, себебі кемшіліктері де жоқ емес. Техникалық мәселелер шешімін тапқан күнде сканерлеу нәтижелері нені білдіретіні айқын емес. Әлеуметтік нейробиология нәтижесін қарастырып көрелік. Белгілі бір топқа кім енбейтінін (мәселен, басқа нәсілдің адамы) анықтау үшін сыналушының шүйке бөлігі белсендендіріледі. Алайда орталық бөлігі де дәл солай белсенді болуы мүмкін. Ал медиалды маңдай алды қабығының белсенділігі төмен болуы мүмкін. Бұл нені білдіреді? Миды сканерлеудің нәтижелері айқын емес. Ол интерпретациялауды қажет етеді, бірақ интерпретацияның өзі әрдайым дұрыс бола бермейді.



Барлығы әдеби зерттеулердің мақсатын жақсы білетін сияқты көрінуі мүмкін. Соған қарамастан, әдебиет бөлімінің студенттері әдеби сын мен теорияның мақсаты – жұмысты жаңаша оқу деп түсінеді. Алайда, мәселе әлдеқайда қиынырақ. Интерпретация – біздің әдеби зерттеуде жүргізетін жұмысымыз. Бірақ мұнымен біздің жұмысымыз шектелмейді. Біз әдебиет сыны мен теориясының тағы да маңызды төрт мақсатын анықтай аламыз. Олар: 1) жұмыстарға эстетикалық баға беру және осы бағалаудың ұстанымдарын белгілеу; 2) жұмыстарға этикалық және саяси баға беру және осы бағалаудың ұстанымдарын белгілеу; 3) жұмыстың аясындағы жалпы заңдылықтарды анықтау және сол заңдылықтарға түсініктеме беру; 4) нақты жұмыстарды интерпретациялау және интерпретациялаудың ұстанымдарын белгілеу.

Тарихи тұрғыдан, эстетикалық бағалау – осы тәртеуінің ішіндегі ең маңызды міндет болғанмен, соңғы жылдары оған немқұрайлық танытып келеді. Нейробиология эстетиканың нормалары туралы нақты айта алмайды, бірақ өзара үйлеспейтін нормалар дегеніміз не екенін айтып бере алады. Шындығында, эстетикалық талғам – нейрогуманитарлы ғылымдардың басты салалырының бірі. Когнитивті факторларға типтік емес шаблондар және белгілі бір прототиптерге жақындау жатады. Эмоционалды компоненттерге ынталандыру, тіпті, бауыр басу жүйесі жатуы мүмкін. Бұл тұжырымдар әлі де зерттеуді және нақтылауды қажет етеді. Айта кететін жайт – зерттеу бағдарламалары тек тәсілдерге ғана емес, өнер туындыларын шығаруға да қатысты.

Соңғы онжылдықта этикалық және саяси бағалаулар әдеби зерттеулерде айқын көріне бастады. Әдеби сыншылар мен теоретиктер әдеби туындылардың этикалық-саяси сарындары мен ықпалына қатты алаңдатушылық танытып келеді. Әлеуметтік нейробиология – осы тақырып бойынша өзекті болып саналатын ғылым саласы. Әлеуметтік нейробиология және онымен байланысты салалар, айталық әлеуметтік психология екі түрлі жолмен этикалық және саяси әдеби зерттеуге септігін тигізді. Біріншісі – олар этикалық және саяси тұжырымдамаларға өзгерістер ендірі, екіншіден *біздің зерттеуімізді өзгертетін жаңа тұжырымдар қалыптастырды.

Айталық, нәсілшілдік туралы сөз етіп көрейік. Нәсілшілдік топшілік немесе топтан тыс байланыстардың бір формасы. Екіншіден, оперативті деңгейде нәсілшілдік – адамдарды төмендету, оларға эмоционалды көзқарасты білдіреді. Осы екі пунктты біріктіре отырып, ақ нәсілді адамның қара нәсілді адамды шеттетіп, оған когнитивті және уәждемелік тұрғыдан қарсы ниеттенгенін көрсетіп отыр. Бұл әдебиетте, әсіресе кейіпкер мен автор арасында белгілі бір әсерді туындатып, сынның туындауына негіз болған. Әрине, нәсілшілдік – әлеуметтік нейробиологияның қараған жалғыз этикалық немесе саяси тақырыбы деп айтуға болмайды. Бұл – осы саладағы зерттеу бағдарламаларының бір мысалы ғана.

Заңдылықтарды анықтау және түсіндіру екі категорияда (эстетикалық және этика-саяси) туындаған. Заңдылықтар нейробиология мен когнитивті және аффективті ғылымның басты белгілері болып саналады. Шындығында, нейробиологияның әдебиетке қосқан маңызды үлесі – осы заңдылықтар. Бұл дегеніміз – түсіндіруге болатын құбылыстар бұрынғы кезде ешкімнің назарына түспеді деген сөз емес. Нейробиология бұрыннан таныс заңдылықтарды түсіндіре алады. Айталық, Ганс Роберт Яусс эстетикалық жауап ретінде кейбір құбылыстарды жаңаша түсіндіруге болатынын айтады. Нейробиологиялық зерттеулер ештеңені өзгертпейді. Керісінше, олар оны түсіндіре бастайды. Эволюциялық себептерге сүйенсек, біз ынталандыру жүйесін заңдылықтардың бұзылуы белсендіретінін көреміз. Заңдылықтарды ешқандай нәтиже күтпеспен тануға деген талпыныс мидың алдыңғы қабатының белсенденуі барысында қабылдамауға әкеп соқтыруы мүмкін. Біз эмоциялардың нақты жүйелері некортекс арқылы күрделілікті тудыратынын күтеміз. Сонда автор оқырмандарды бастапқы негативті реакциясын өзгертетін үдеріске ендіргісі келеді. Әртүрлі факторлардың өзара байланысын Яусс – жаңа, бірақ заңдылықтар аясында көрінетін байланыс деп түсіндіреді. Яуустың нейробиологиялық есебі бұл талдауды толық түсіндіреді деп айта алмаймыз. Белгілі бір автор белгілі бір уақыт шегінде бағалануының себебін түсіндіруге де болмайды. П.К. Хоган бұған жауап ретінде «орнықтырылған таным» теориясын пайдаланады. Жазушылар орнықтырылған таным ұстанымын қолдана отырып, танымның үш белгісін атап көрсетеді: ендіру ұстанымы, жүзеге асыру ұстанымы және таралу ұстанымы. Таным ендірілді деген сөз – оның нақты және контекстуалдылығын білдіреді. Таным жүзеге асты деген сөз – физикалық тұрғыдан орналасты дегенді білдіреді. Таным таралды деген сөз – басқа адамдармен өзара қарым-қатынасқа түсті дегенді білдіреді.



Нейробиологиялық бағалау мәдени немесе әдеби феноменді түсіндіре алмайды. «Орнықтырылған таным» теориясы тұрғысынан да тарихи, мәдени немесе биографиялық элементтерді ескере алмаймыз. Мәселен, көрермендік қабылдаудан авторлық идеяға өту Шекспирдің театрландырылған қиялын көруге негіз бола алмайтыны анық. Ол үшін Шекспир біздің қасымызда болуы керек, және оның миын сканерлеу керек болады.

Гринблатт Шекспирдің «қайта қалпына келтіру» туралы арманын әртүрлі формада көрсетеді. Қайта қалпына келтіруді Гринблатт Шекспирдің өз өміріндегі әсерлерімен байланыстырады. Гринблаттың талдауын толыққанды талдау деп қабылдауға болмайды. Шындыққа жанасу – көрермендерді қамту, олардың ақиқатты қабылдауына сай болу дегенді білдіреді. Заңдылықтардың басқа түрлерін танудың бір себебі – Шекспирдің түсінігінен тыс сюжеттегі мәдени заңдылықтарды анықтау болып табылады. Мәселен, шығармадағы бала мен ата-ананың бір-біріне бауыр басу сарыны. Бауыр басуды нейронды жүйе арқылы түсіндіруге болады. Бауыр басу махаббат, уайым және қайғы секілді эмоциялармен байланысады. Басқаша айтқанда, Шекспирдің отбасын ажырату және қайта табыстыруда қол жеткізген жетістігін түсіндіргіміз келсе, оның әйелі мен балаларынан жырақта, яғни Стратфорда бөлек өмір сүрген кезіндегі басынан өткен сезімдерін, тіпті, XVI ғасырдағы балаларды тәрбиелеу үрдісін түсіну керек боламыз. Танымдық және тарихи материалдардың қиылысу маңыздылығы когнитивті историзмді қалыптастырды. Когнитивті историзм – нейробиологияға арналған әдеби зерттеулердің танымал формаларының бірі.

Студенттер мен әдебиет оқытушылары арасында белгілі бір деңгейде интерпретация болады. Интерпретацияның кеңеюінің бір тәсілі – түрлерді өзгерту. Мәселен, христиан діні әдеби интерпретацияға маңыз алып келді – белгілі бір нақты кейіпкер Иса болса, ал өзек болған оқиғалар Исаның қайта туылуы еді.

Интерпретациядағы өзгерістер – мәтіндік ақпаратты ұйымдастыру жолдарын таңдауымызға қарай жүзеге асады.

Кеңістіктік бейнелеудің екі жүйесін тану біздің мәтіннің ерекшеліктері арқылы болатынын түсінуімізге, интерпретациялау үшін әртүрлі фразалар немесе қойылымдар таңдауға негіз болады. «Лир патша» пьесасында кеңістік арасында айтарлықтай кереғарлық бар. Мидың шеке бөлігі жақындық сезімімен байланысты болса, гиппокамп (мидың жадыға жауап беретін бөлігі) – жақындық сезімін тудырмайды. Дәрігер Корделияға Лирге жақындауды ұсынады, сөйтіп мидың шеке бөлігін белсендірмек болады. Корделия бұл кеңістікті «сүю» арқылы ернін тигізу арқылы жақындатады.

Корделия ескі кепеде шошқалармен бірге өмір сүруге мәжбүр болғанына уайым жейді. Бұл кеңістің Корделияның санасында үйді білдіреді. Үй – байланыстырушы кеңістік немесе бауыр басу ортасы. Кепеде өмір сүру – үйге оралуға қарама-қайшы түсінік. Шошқаларға жеккөрушілікпен қарау – эмоциялар жүйесінің нәтижесі.

Ұйқысынан оянған Лирдің алғашқы айтқан сөзі гиппокампалды кеңістікпен сай келеді. Алғашында ол өзін Тозақта, ал Корделияны жұмақта деп ойлап қалады. Есін жиған соң, «Франциядамын ба?» деген сұрақ қояды. Бұл жерде Лир космологиялық кеңістіктен географиялық кеңістікке өтті. Корделияға қолын ұсынып тұрып та, Лир бұл қолдардың өзінікі екенін жақсы сезіне алмай қиналады. Лир Корделияның басында өрбіп жатқан ойларды мүлдем түйсіне алмай жатыр. Корделия оған деген эмпатиялық сезімдерін көрсетсе де, Лир өзін жек көріп тұр екен деп ойлайды. Трагедия субъектаралық түсініспеушіліктен туындайды. Сананы түсінудің екі типі болады: біріншісі – дедуктивті, екіншісі – өзін басқа адамның орнындамын деп ойлау.

«Лир патшадағы» сана теориясын қарастыру барысында біз интерпретациялауға арналған тақырыптардың өзгергенін көреміз. Бұл дегеніміз – сана теориясы мен эмпатияның әдеби құндылығы жоғары дегенді білдіреді. Соған байланысты әдеби нейросын тұжырымдары пайда болады. Бұндай тұжырымдарды Лиза Зуншайн және Сюзанна Кин еңбектерінен көруге болады.

Сана теориясы Лир мен Корделияның табысуын толық түсіндіріп бере алмайды. Бұл үзіндідегі белгісіздік нейробиологиялық зерттеулердің тағы бір маңызды тақырыбы жадымен байланысты. Лирдің автобиографиялық жадысы оның осы шаққа белгісіздікпен қарауының салдарынан бұзылып тұр. Үстіндегі киімі, жатқан жерін тани алмаған Лир Корделияны да танып тұрған жоқ.



Неврологиялық зерттеулерге сүйенсек, жады – бір ғана жүйе емес, бірнеше жүйелердің жиынтығы. Соның ішіндегі ең бастысы – эмоционалды жады болып саналады. Бұлткен оқиғалар туралы естеліктерді белсендендірмейді, керісінше оған эмоционалды әсер туындатады. Біз Лир Корделияны есіне түсірмесе де, оның эмоционалды естеліктері белсенденді деп қорытынды жасай аламыз. Корделияны жәннатта деп қабылдау – оған деген бауыр басқандығын көрсетсе, өзін тозаққа салуы – күнәсін мойындағанын білдіреді. Жадыны қарастыру – әдеби зерттеулер жүргізуге негіз болатынын осыдан-ақ көруге болады.

Тақырыптарды өзгерту және кодтау мәселесіне қосымша біз интерпретациялауды айта аламыз. Біздің интерпретациямыз мәтіннің белгілі бір бөлігінде жазылған сөздермен шектелмейді. Мәтінді түсіну үшін біз тарихи дереккөздерді, жалпы білімімізді іске қосамыз.

Нейробиологияны осы көзқарасқа қолдау деп атауға болады. Оң жартышардың белсенденуі – әдеби туындыларға әсерленуді білдіреді.

Әдеби зерттеулердің бір-бірінен ерекшелігі туралы қорытынды ескертпелер. Әдеби зерттеулер өнердің басқа түрлерін зерттеу секілді адамның санасы туралы білімді қалыптастырды. Әрине, әдеби үлес нейробиология формасында болуы міндетті дегенді білдірмейді. Әдеби зерттеулердің негізгі үлесін әдебиеттанушылар мен теоретиктер ендіреді. Себебі олар жұмысты қалай интерпретациялап, бағалауды жақсы біледі.

Қазіргі таңда когнитивист-сыншылардың арасында әдебиетті нейробиологиямен біріктіруге деген талпыныс белсенді байқалып жүр. Әдеби сыншылар мен теоретиктер белгілі бір эмпирикалық зерттеулерге құнды үлес қосқаны даусыз. Нейровизуализация саласындағы зерттеулер жалғасын тапқанын қалаймыз. Тіпті кейбір әдебиеттанушыларды нейробиологтар деп тануға да болады. Әдеби реакцияның миша визуализациясы – нейробиологиялық зерттеулердің нысаны болып табылады. Басқаша айтқанда, бұл жұмыстар әдебиеттану бөлімдерінде емес, неврологияда жүргізіледі.

П.К. Хоган өзінің нейробиологиялық және аралас зерттеулеріне қарамастан, әдебиет факультетінің студенттері, тіпті, когнитивист-сыншы болып табылатын мамандар әдеби зерттеулердің мақсаттары мен ерекше қасиеттерінен бас тартып қоймай, әдебиеттен де мәртебелі салаларға еліктемеуі керектігін айтады. Басқаша айтқанда, нейробиология біздің қолымыздан келетін жұмысты жақсартуға түседі. Соның бірі – адам санасы мен адамзат қоғамының түсінуге қосатын үлесіміз. Ғылымдағы бұл үлесімізді жалғастырып, кеңейту үшін неурогуманитарды ғылымдар гуманитарлы болудан бас тартпауы керек. Егер олар гуманитарлы болудан алшақтаса, біздің әдебиетке қосатын үлесіміз осымен тоқтайды.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Нейробиология нәтижелері әдебиеттанушылық зерттеулерде қалай қолданылады?

Әдебиеттер

1. Jauss Hans Robert. *Toward an Aesthetic of Reception*. – Minneapolis, MN: University of Minnesota Press, 1982.
2. Robbins Philip, Aydede Murat. A short primer on situated cognition// In *The Cambridge Handbook of Situated Cognition*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2009.
3. Wehrs Donald. *Pre-Colonial Africa in Colonial African Narratives: From Ethiopia Unbound to Things Fall Apart, 1911–1958*. – Burlington, VT: Ashgate, 2008.
4. Tribble Evelyn. *The Dark Backward and Abyss of Time: The Tempest and Memory*. – College Literature. – 2006. – 33.1.
5. Greenblatt Stephen. *Will in the World: How Shakespeare Became Shakespeare*. – New York: Norton, 2004.
6. Richardson Alan. *The Neural Sublime: Cognitive Theories and Romantic Texts*. – Baltimore, MD: Johns Hopkins University Press, 2010.



Кітап: Әдебиет теориясы: Антология, IV

Дәріс: 9. Әдеби сана: нейробиология, сын және теория

7. Stiles Anne. Popular Fiction and Brain Science in the Late Nineteenth Century. – Cambridge: Cambridge University Press, 2012.

8. Zunshine Lisa. Why We Read Fiction: Theory of Mind and the Novel. – Columbus, OH: Ohio State University Press, 2006.

9. Keen Suzanne. Empathy and the Novel. – Oxford: Oxford University Press, 2007.